

Қазығұрт ауданы, Қарақозы Әбдәлиев ауылдық округі, Атбұлақ елді мекенінің шекарасын өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 2 қаулысы және Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2016 жылғы 8 шілдедегі № 6/23-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 тамызда № 3835 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 108 бабының 5 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес, ауданның ауылшаруашылығы және жер қатынастары мен құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің бірлескен ұсынысы негізінде Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазығұрт аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазығұрт ауданы, Қарақозы Әбдәлиев ауылдық округі, Атбұлақ елді мекенінің шекарасы 278,4 гектарға барлығы 10 гектар, оның ішінде егістік 5,0 гектар, жайылым 5,0 гектар жерлер қосылып, елді мекеннің аумағы 288,4 гектарға ұлғайтылып өзгертілсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.Телғараев

Аудандық мәслихат хатшысы

У.Копеев